Байтаракова Куралай Жумановнаның
8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Алматы облысының тәлімі жер жағдайында шаруашылық - құнды белгілері бойынша ноқат сорттарын салыстырмалы зерттеу» диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1)диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3)диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1) Байтаракова Куралай Жумановнаның «Алматы облысының тәлімі жер жағдайында шаруашылық -құнды белгілері бойынша ноқат сорттарын салыстырмалы зерттеу» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының дәнді-бұршақты дақылдар бөлімінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мемлекеттік бағдарламалары және ғылыми жобалары аясында орындалған. Зерттеулер: – 2021–2023 жж. – БП 267 «Қазақстанның әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарында тұрақты өндіруге арналған өсімдік биотехнологиясы, генетикасы, физиологиясы және биохимиясы жетістіктері негізінде дәнді-бұршақты дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен будандарын шығару» (мемлекеттік тіркеу №0121РК00772); – 2024–2026 жж. – BR22885414 «Заманауи биология әдістері негізінде дәнді-бұршақты дақылдардың жоғары өнімді сорттарын шығару, олардың сорттық технологиясы мен бастапқы тұқым шаруашылығын әзірлеу» ғылыми-техникалық жобалары шеңберінде жүргізілген.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ноқаттың сортүлгілерін шаруашылық-құнды белгілері бойынша кешенді салыстырмалы зерттеу және Алматы облысының егіншілік жағдайында өсіруге жарамды, өнімділігі жоғары әрі бейімделгіш генотиптерді іріктеп анықтауда, жалпы Қазақстанда ноқат селекциясының қалыптасуы мен ғылымның дамуына диссертациялық жұмыс елеулі үлес қосады. Диссертанттың зерттеулерінде еліміздің оңтүстік-шығыс аймақтарына бейімделген сортүлгілерді бағалау және селекциялық үдерісте пайдалану мәселелерінің ғылыми негіздері қарастырылған және ғылымға маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Диссертант К.Ж.Байтаракова «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында» зерттеулерін

		3) төмен; 4) өзі жазбаған.	жүргізу барысында диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдерін өзі орындаған. Сонымен қатар, жұмыстың дәйектілігі, күрделілігі мен маңыздылығы, тәжірибелерді жоспарлау, алынған мәліметтерді жасау, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қою диссертациялық жұмыстарды жазу үшін белгіленген ережелерге сай орындалған. Зерттеу нәтижелеріне толығымен талдау жүргізілген және оқуға түсінікті тілмен жазылған. 1)жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1)Диссертация өзектілігі негізделген. Жұмыстың өзектілігі Қазақстанның әртүрлі агроэкологиялық жағдайларына бейімделген, құрғақшылыққа төзімді, жоғары өнімді және дән сапасы жоғары ноқат сортүлгілерін анықтау және оларды селекциялық үдерісте тиімді пайдалану қажеттілігімен айқындалады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	1)Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	1)Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына толықтай сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	1)Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант ұсынған әдістерін отандық және шетелдік ғылыми-техникалық әдебиеттерде келтірілген мәліметтермен салыстыра отырып бағалаған, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың зеттеулері бойынша сілтемелерге негіздеген және диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі сақталған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Алғаш рет ноқаттың (Cicer arietinum L.) кең генетикалық қорына негізгі шаруашылық-құнды белгілері бойынша кешенді зерттеу жүргізіліп, селекциялық жұмыс үшін құнды

			бастапқы материалдар анықталған. Молекулалық-генетикалық әдістер мен ДНҚ-маркерлерді қолдану негізінде фузариозды шірігіне төзімді дақылдың генотиптері айқындалған. Физиологиялық және биохимиялық зерттеулер нәтижесінде төмен температура әсері жағдайында ноқат өсімдіктерінің бейімделу механизмдеріне тән ерекшеліктер анықталып, қысқа және аязға төзімді формалар іріктеліп алынған. Жүргізілген селекциялық жұмыстардың нәтижесінде жоғары өнімділігімен, стресс факторларына төзімділігімен ноқаттың жаңа сорттары шығарылған.
		5.2Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, олардың жаңалық дәрежесі ғылыми журналдарда жарияланған басылымдармен, монографиямен, дәлелденген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа)
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және ғылыми журналдарда жарияланған мақалаларда берілген мәліметтер мен олардың талқылануы негізінде дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма?	7.1 Қорғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденді; 7.2 жоқ 7.3 ия

		1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.4 кең 7.5 ия
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	1)ия
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	1) ия
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	1)ия
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	

	қағидаты	1) бар; 2) жоқ.	1)ия
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	1)ия
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	1)толығымен жаңа
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	1)жоғары
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мақсаты мен міндеттері кең ауқымды қамтиды. Алайда фенотиптік бағалау, молекулалық-генетикалық талдау, төмен температураға төзімділікті зерттеу және жаңа сорттарды шығару бағыттарының өзара байланысын нақтырақ көрсету қажет. Жұмыста ұсынылған ғылыми жаңалықтың әрбір тармағын нақты эксперименттік нәтижелермен байланыстыру қажет. «Алғаш рет» деген тұжырымдарды қолданғанда жаңалықтың нақты шекарасын көрсету маңызды. Фузариозға төзімділікті анықтауда пайдаланылған маркерлердің ақпараттылығы, олардың мақсатты гендермен байланысы және молекулалық талдау нәтижелерінің фитопатологиялық бағалаумен сәйкестігі кеңірек негіздеуді қажет етеді. Диссертация мәтініндегі терминдерді, сорт атауларын, қысқартуларды, өлшем бірліктерін және жылдарды біріздендіру қажет.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер		Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалалары диссертациялық жұмыстың мазмұнына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Мақалаларда Алматы облысының тәлімі жер жағдайында ноқат сорттарын шаруашылық-құнды белгілері бойынша салыстырмалы зерттеу, олардың өнімділік көрсеткіштерін бағалау, биологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ қолайсыз температуралық жағдайларға төзімділігін зерттеу мәселелері қарастырылған. Ғылыми жарияланымдарда зерттеу

	докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		нәтижелері баяндалып, алынған деректерге талдау жасалған. Мақалалардың мазмұны диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми бағыттарымен өзара байланысты және жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ғылыми қауымдастыққа ұсынуға бағытталған. Жалпы, докторанттың ғылыми мақалаларының зерттеу тақырыбына сәйкестігі мен ғылыми мазмұны диссертациялық жұмыстың негізгі бағыттарын қамтиды. Ал, жарияланымдар диссертациялық зерттеудің нәтижелерін көрсетуге және оның ғылыми тұжырымдарын негіздеуге ықпал етеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Байтаракова Куралай Жумановнаның «Алматы облысының тәлімі жер жағдайында шаруашылық-құнды белгілері бойынша ноқат сорттарын салыстырмалы зерттеу» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы өзекті ғылыми мәселеге арналған және аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыста Алматы облысының тәлімі жер жағдайында өсірілетін ноқат сорттарының шаруашылық-құнды белгілері, биологиялық және физиологиялық ерекшеліктері, өнімділік көрсеткіштері мен қолайсыз температуралық жағдайларға төзімділігі зерттелген. Зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылыми тұрғыдан талданып, тиісті қорытындылар мен практикалық ұсыныстар жасалған. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы ноқаттың перспективалы үлгілерін анықтау, олардың селекциялық құндылығын бағалау және жергілікті топырақ-климаттық жағдайларға бейімделген, өнімділігі мен төзімділігі жоғары сорттарды іріктеу нәтижелерімен сипатталады. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы оларды ноқат селекциясы мен тұқым шаруашылығында, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдалануға болатындығымен айқындалады. Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалалары диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны мен зерттеу бағыттарына сәйкес келеді. Жарияланымдарда зерттеу нәтижелері көрініс тауып, олардың ғылыми маңыздылығы ашылған. Диссертациялық жұмысты зерделеу барысындағы жасалған жұмыстың жекелеген бөлімдерін нақтылауға және ғылыми баяндау сапасын жетілдіруге қатысты болып

			табылады және диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін, жаңалығын, теориялық және практикалық маңыздылығын төмендетпейді. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелердің негізділігі және практикалық маңыздылығы тұрғысынан оң бағалауға лайық. Докторант зерттеу нәтижелерін жүйелеп, ғылыми тұрғыдан талдай алатынын және өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілетті екенін көрсеткен. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені» 28-тармағына сәйкес, Байтаракова Куралай Жумановнаның 8D08113 – «Өсімдіктер селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысын оң бағалаймын және оған философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:
«Қазақ жеміс-көкөкніс шаруашылығы
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
«Қайнар» аймақтық филиалы директорының
орынбасары, ауылшаруашылығы
ғылымдарының кандидаты, профессор,
ҚАҒА корреспондент мүшесі

Токбергенова Ж.Ә

«__» _____ 20__ жыл